

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 наурыздағы № 66 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 сәуірде № 4477 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 21.05.2020 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 – бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 – бабының 2 –тармағына сәйкес Зырян ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес, азаматтық қызметші болып табылатын және Зырян ауданының ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зырян ауданының әкімі*

*А. Кәрімов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Зырян ауданы*

*Г.Денисова*

*мәслихатының хатшысы*

09.03.2016 жыл

Зырян ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 5 наурыздағы  
№ 66 қаулысына қосымша

**Азаматтық қызметші болып табылатын және Зырян ауданының ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:

- 1) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 2) мүгедек балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурумен ауыратын мүгедектерге күтім бойынша әлеуметтік қызметкер;
- 3) қарттарға және мүгедектерге күтім бойынша әлеуметтік қызметкер;

2. Білім беру саласы мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшының орынбасары ;
- 2) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы ;
- 3) кітапхана, интернат, шеберхана меңгерушісі;
- 4) барлық мамандықтар мұғалімдері;
- 5) аға тәрбиеші ;
- 6) тәрбиеші ;
- 7) шебер ;
- 8) әдістемеші ;
- 9) музыкалық жетекші ;
- 10) көркемдік жетекші ;
- 11) педагог-психолог ;
- 12) логопед ;
- 13) аға жоғары ;
- 14) бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
- 15) педагог – ұйымдастырушы ;
- 16) кітапханашы ;
- 17) медбике ;
- 18) әлеуметтік педагог ;
- 19) қосымша білім педагогы ;
- 20) үйірме жетекшісі ;
- 21) жаттықтырушы ;
- 22) хореограф ;
- 23) нұсқаушы ;
- 24) саз жетекшісі ;
- 25) зертханашы .

3. Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары:

- 1) аға мәдени ұйымдастырушы ;
- 2) аға кітапханашы ;
- 3) кітапханашы ;
- 4) сүйемелдеуші ;

- 5) мәдени-бос уақыт қызметі бойынша жұмысшы;
  - 6) музыкалық оператор;
  - 7) музыкалық жетекші;
  - 8) мәдени ұйымдастырушы;
  - 9) вокалдық топ жетекшісі;
  - 10) хореограф;
  - 11) бейнелеу студиясының жетекшісі;
  - 12) студия жетекшісі;
  - 13) үйірме жетекшісі;
  - 14) топ жетекшісі;
  - 15) концертмейстер;
  - 16) бос уақыт ұйымдастырушы;
  - 17) аға мәдени ұйымдастырушы;
  - 18) бұқаралық шаралардың режиссері;
  - 19) би ұжымының жетекшісі;
  - 20) вокал студиясының жетекшісі;
  - 21) хор жетекшісі;
  - 22) дыбыс режиссері;
  - 23) көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі;
  - 24) халықтық ұжымының жетекшісі;
  - 25) халықтық ансамблінің жетекшісі;
  - 26) техникалық орындаушылар, соның ішінде дыбыс операторы.
4. Ветеринария саласы мамандарының лауазымдары:
- 1) ветеринарлық дәрігер, ветеринар пунктінің меңгерушісі;
  - 2) ветеринарлық пунктінің ветеринар фельдшері;
  - 3) ветеринарлық пунктінің ветеринар санитары.